

Шәбден Ералиевтің 125 жылдығы өтті

Ш.Ералиев ауылдық округінде Ш.Ералиевтің 125 жылдығына орай үлкен шара ауылдық кітапхана кітапханашыларының ұйымдастыруымен өткізді.

Іс-шараға Ш.Ералиевтің ұрпақтары мен аудандық «Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мекемесінен ақпараттық-библиографиялық бөлім қызметкерлері қатысты. Іс-шара Ш.Ералиев атындағы саябақта құран бағыштаудан басталды. Мәдениет үйінде «Тарих толқынындағы тағдыр» атты кітап көрмесіне кітапханашы А.Жокенова библиографиялық шолу жасады. Келген қонақтар мен оқырмандарға «Тарих толқынындағы тағдыр» атты деректі фильм көрсетілді. Ш.Ералиевтің немересі Ералиев Төлеш Меңдешұлы мен Дуанбеков Жәнібекпен «Ұрпақтар сабақтастығы» атты кездесу кеші өткізілді.

Кеш модераторы кітапханашы Г.Ахметбекова келген қонақтарға сұрақтар қойып, толық жауап алды. Сонымен қатар жас оқырмандарымыз Ш.Берікқызы, А.Кентай, А.Олжабай көкейлеріндегі көп сұрақтың тиегін ағытып, оған тұшымды жауап алды. Жүргізушілер А.Жокенова мен А.Күлмағамбетова ауыл ақсақалы Т.Өтенбаев, ауыл әкімдігінің жетекші маманы Г.Смағұлова, Ш.Ералиевтің келіні М.Әлібаева мен күйеу баласы Шәкім ағаға сөз кезегін берді. Сөз алған кісілер өткен күннен естелік айтып, жас ұрпаққа насихаттады.

Ақпараттық-библиографиялық бөлім меңгерушісі А.Оралбаева мен З.Қабденова өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, сый-сияпаттарын жасап, ән шырқады. Әдемі кешті ауыл өнерпаздары жалғады. «Еркем-ай» би тобының бишісі Мыңжан Сәнім әдемі би биледі. К.Смағұлова «Ағалар әнінін», А.Күлмағамбетова «Әке-ана» атты тамаша әндерін шырқады. Жас күйшілер «Тепеңкөк» күйін күмбірлете орындады. Кеш соңында мәдениет үйінің меңгерушісі Ж.Көпбосынов келген қонақтарға жылы лебізін білдіріп, дәстүрлі ән шырқады.